

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 376 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 ақпандағы N 157 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 727 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2015 № 727 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Табиғи монополия субъектілерінің тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) бекітуге немесе өзгертуге берілген өтінімдерді қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 376 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 17, 177-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

тақырыпта және 1-тармақта:

"немесе өзгертуге" деген сөздер алынып тасталсын;

"тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын)" деген сөздер "реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Табиғи монополия субъектілерінің тарифтерін (бағаларын, алым ставкаларын) бекітуге немесе өзгертуге берілген өтінімдерді қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу ережесінде:

т а қ ы р ы п т а :

"немесе өзгертуге" деген сөздер алынып тасталсын;

"тарифтерін (бағаларын, алым ставкаларын)" деген сөздер "реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ереже "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және табиғи монополиялар салаларындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органның немесе белгіленген құзыреті шегінде облыстық (

республикалық маңызы бар қала, астана) атқарушы органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге берілген өтінімдерді қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу тәртібін белгілейді.";

3-тармақтағы "қызметіне арналған тарифтің (бағаның, алым ставкасының)" деген сөздер "реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтің (бағаның, алым ставкасының) немесе оның шекті деңгейінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 және 6-тармақтар алынып тасталсын;

7-тармақтың 3) тармақшасында:

"немесе өзгертуге" деген сөздер алынып тасталсын;

"тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын)" деген сөздер "реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жария тыңдаулар:

1) табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) шекті деңгейлерін бекіту кезінде бекіту туралы түпкілікті шешім қабылдағанға дейін он бес күннен кешіктірмей;

2) табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту кезінде бекіту туралы түпкілікті шешім қабылдағанға дейін жеті күннен кешіктірмей өткізіледі.";

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Жария тыңдауларды өткізгенге дейін уәкілетті орган табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге берілген өтінімдерді қарау жөніндегі шешім жобасын дайындайды.";

12 - тармақта:

"алдын ала" деген сөз алынып тасталсын;

"алымдар ставкалары)" деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейлері" деген сөздермен толықтырылсын;

13 - тармақта:

"алым ставкасының) ұсынылған деңгейіне" деген сөздерден кейін "немесе оның шекте деңгейіне" деген сөздермен толықтырылсын;

"олар көрсететін" деген сөздерден кейін "реттелетін" деген сөзбен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

"13-1. Жария тыңдаулар өткізерден үш күн бұрын табиғи монополия субъектісі қатысушыларға жария тыңдаулар бойынша материалдарды ұсынады.";

14 және 15-тармақтардағы "үзуге құқылы", "тіркеуге құқылы" деген сөздер тиісінше "үзе алады", "тіркей алады" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК